# Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары




**<u>Мәнжазба – презентацияны</u> дайындаған:Қапашов Мусағали**

**“Мұнай-газ инженериясы” 1 – курс**

**Тақырыбы: <u>“Құқық қорғау органдары”</u>**



- “Құқық қорғау органдары”

- “Қоғам” дегеніміз – адамдар мен олардың ұйымдары арасындағы қарым – қатынастардың күрделі жүйесі. Мемлекет арнаулы органдар арқылы қоғамды басқарады, бұқара үшін маңызды мәселелерді шешеді және қоғамдағы тәртіпі қамтамассыз етеді. Мемлекеттің түрлі органдары бар. Олар өздерінің тікелей биліктік міндеттерін атқаруда өзара тығыз байланыста және бір – біріне бағынышта болады. Мемлекеттік органдар арасында “Құқық қорғау органдары” айрықша орын алады. Олар қоғамдағы құқықтық тәртіп пен заңдылықтарды қамтамассыз етеді.

# Құқық қорғау органдарына:

- ***Сот***
- ***Прокуратура***
- ***Ішкі істер органдары***
- ***Ұлттық қауіпсіздік органдары***
- ***Әділет органдары***
- ***Қаржы полициясы***
- ***Кенден органдары***

**- жатады.**



Құқық қорғау органдары жүйесі заңдылық қағидатына сүйеніп әрекет етеді.

- **"Заңдылық" – бұл қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқық нормаларын қатаң, бұлжытпай орындау және сақтау қағидаты, әдісі мен тәртібі.**
- **"Заңдылықтың" мәні: - құқық қорғаушы органдардың құқықтық нормаларды адал, жауапкершілікпен сақталуына, орындауына, пайдалана және қолдана білуінде.**
- **Құқық қорғау қызметі кез – келген тәсілмен ғана емес, ықпал етудің заңды шараларын қолданудың көмегімен жүзеге асады. Олардың қатарына заңмен белгіленетін мемлекеттік мәжбүрлеу және жазалау шараларын жатқызуға болады.**

Мемлекеттік мәжбүрлеудің 4 түрі:

Қылмыстық – құқықтық.

Азаматтық – құқықтық

Әкімшілік – құқықтық

Тәртіптік - құқықтық



**<u>“Құқық қорғау органдары”</u> заңды бұзуға жол бермейді. Құқықты қалпына келтіреді, құқық бұзушылықтың жағымсыз зардаптарын жояды.**





## “ҚР Сот жүйесі”

**“Сот” - әділдікті жүзеге асырушы орган.**

**“Сот әділдігі” – қылмыстық және азаматтық істерді қатаң түрде заңға сәйкес қарау және шешу жөніндегі құқық қорғау қызметтерінің бір түрі.**

**“Сот әділдігінің” белгілері:**

1. **Сот әділдігін тек қана сот жүзеге асырады**
2. **Сот әділдігі қатаң түрде заңға сәйкес қылмыстық және азаматтық істерді қарайды және шешеді.**

**Сот шешімі жалпыға міндеттілік күшіне ие. Бұл ҚР аумағындағы барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін - өзі басқару органдары, қоғамдық ұйымдар,  лауазымды тұлғалар мен заңды және жеке тұлғалардың міндетті сот шешімінің заңды күшіне енгендігін көрсетеді**




**Сот билігін жүргізуші – “<u>судья</u>”. Судья сот әділдігін жүзеге асыруды айыпталушының кінәсіздігін дәлелдеу қағидасына сүйене отырып атқаруы тиіс. Кінәсіздігін дәлелдеу азаматты жазықсыз жазаға тартудан қорғайды.**

**ҚР сот жүйесі – жалпыға бірдей демократиялық принциптер негізінде ұйымдастырылып, жұмыс істейтін, өзара байланыстағы соттардың жиынтығы. Оны ҚР Жоғарғы соты басқарады.**

**Сот жүйесіне Конституциялық Сот пен Жоғарғы Төрелік Соттан басқа, ҚР Конституциясында аталған барлық сотар кіреді.**



**“ҚР Прокуратурасы”**

**Республика аумағында заңдардың, Президент жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің бірізділікпен қолданылуына, жедел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына жоғарғы қадағалауды жүзеге асырады.**




**“ҚР Ішкі Істер органдары”**

**Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамассыз ету.**

**Қылмыстың және басқа да құқық бұзудың алдын алу.**

**Қылмыстық істер бойынша анықтауды және алдын – ала тергеу жүргізуді жүзеге асырады.**

## “ҚР Ұлттық қауіпсіздік органдары”

**Ұлтық Қауіпсіздік органдары – ҚР қауіпсіздігін қамтамассыз ету, жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын арнаулы мемлекеттік орган.**

**<u>Атқаратын қызметтері:</u>**

1. **Жеке адамдардың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамассыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жасаушы және іске асырушы орган.**
2. **ҚР мүдделеріне сәкес барлау ақпараттарын іздеп табады.**
3. **ҚР аумақтық тұтастығын бұзуға, қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған терорризм сияқты қауіпті қылмыстар мен өзге де әрекеттерден сақтандырып, олардың жолдарын кеседі.**
4. **Мемлекеттік органдарды, еліміздегі ұйымдар мен әскери құрылымдарды ақпараттық және кодталған байланыстармен қамтамассыз ету.**

## “ҚР Әділет органдары”

**Әділет саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамассыз ететін атқарушы биліктің орталық органы “ҚР Әділет министрлігі” болып табылады.**

**<u>Міндеттері:</u>**

1. **Саяси, экономикалық, әлеуметтік өмірдің құқық негіздерін бекітуге ықпал ету.**
2. **Заң жжобалау жұмыстарын ғылыми және тәжірибелік жағынан қамтамассыз ету.**
3. **Заң жобаларының құқықтық және қылмыстық тұрғысынан сараптауды қамтамассыз ету.**
4. **Қабылданатын заңдардың тиімділігін болжау.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСҚА ЖӘНЕ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ КҮРЕС АГЕНТТІГІ
(ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ)

**“ҚР Қаржы полициясы”**

**Криминогенді жедел жағдайларды талдау және болжау.**

**Қаржылық және өзге де экономикалық қылмыстар жасауға себеп болатын жағдайларды зерттеу.**

**Сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау және қарсы тұру.**

## “ҚР Кедендік органдары”

**Кеден ісі саласындағы контрабандамен және қылмыстармен кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кеден ережелерін және салық заңын бұзушылықпен күрес.**

**Есірткілік, психотроптық заттардың, қару – жарақтың, ҚР халықтарының және шет елдерінің байлығы болып саналатын құнды материялдарды, басқа да заңсыз айналымына тосқауыл қою.**

**Мәнжазба – презентацияны дайындаған:Қапашов Мусағали**

**“Мұнай-газ инженериясы”  1 – курс**

**Тақырыбы: “Құқық қорғау органдары”**